



*Заман талабына сай мектеп бітіруші түлектердің қай-қайсысы болмасын жоғары білім алуға тырысады. Жалпы бүгінгі күні жоғары білім алу міндетті ме? – деген сауалымызды Мәскеудегі халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент, жоғары оқу орнының “Үздік оқытушысы” мемлекеттік байқауының жеңімпазы, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дің “Ақпараттық жүйе” кафедрасының меңгерушісі Елена Шевчукке қойған едік.*

## ОЗЫҚ ОҚУ ОРНЫН БІЛІРГЕН МАМАНДАР

сұранысқа ие

– Мектеп түлектерінің үлкен өмірге қадам басар шағында болашақ кәсібін жаңылмай таңдауы үлкен жауапкершілікті қажет ететіні рас. Түлектердің көпшілігі жоғары білім алуға тырысады. Алайда, бірқатар түлектердің бюджеттік негізде оқуға Ұлттық бірыңғай тестілеуден жинаған ұпайлары жетпейді. Сондықтан ақылы бөлімде оқып, шығынданғаннан гөрі ол қаражатты басқа мақсаттарға мәселен, пәтер алу, жеке іс ашу, автокөлік сатып алуға жұмсағанды жөн көреді.

Жастардың екінші тобы болашақта жоғары білімді болған дұрыс деп табады. Өйткені, білімді адамның болашағы айқын, жоғары табысқа, жақсы жұмыс табуға, кәсіби мамандық иесі атанып, өзінің жанына жақын жұмысын атқаруға мүмкіндігі болады. Осы тұрғыдан келгенде жоғары білім алудың қай жағынан болсын басымдығы мол және болашағын ойлаған әрбір жас алған мамандығының жемісін өмір бойы азық етеді. Әрине, алғашқы білім алып жүрген кездерінде қиындық аяқтан шалғанымен, кейін жүрек қалауымен таңдаған кәсібінен алатын ләззаты зор. Сондықтан алдымен

жоғары білім алған дұрыс дер едім.

– Елена Владимировна, “Ақпараттық жүйе” кафедрасында қандай мамандарды даярлайсыздар? Ол мамандарға сұраныс бар ма?

– Біздің кафедрада “Ақпараттық жүйе” және “Информатика” бағыттары бойынша білім береміз. Дәріс қазақ және орыс тілдерінде жүреді. Сонымен қатар оқуға колледжден кейін түскендер жеделдетілген түрде білім алады. Қазіргі күні ақпараттық технология – өте қажет және мәртебелі мамандық. Бұл мамандар экономикада, бизнесте, қаржы саласында, әлеуметтік және басқару жүйесінде де сұранысқа ие. Осы мамандықты таңдаған студенттердің барлығы дерлік 3-курста жүріп-ақ қосымша жұмыс істейді. Осының өзі менің жоғарыда айтып кеткен сөзіме дәлел Сол сияқты студенттер ЖОО-ны бітіргеннен кейін мектептерде информатика-физика, информатика-математика, информатика пәндерінен сабақ береді немесе кез келген кәсіпорындарға бағдарламашы болып орналасады.

– Сіз еліміздің мектептеріне арналған бір-

қатар информатика оқулықтарының авторысыз, батыстың білім беру жүйесімен жақынырақ танысып, тәжірибе алмасу мақсатында Финляндия университеттерін аралап қайттыңыз. Екі ел университеттері арасындағы ынтымақтастық жайлы не айтасыз?

– Иә, оныңыз дұрыс. Техника және технология магистрі Н.С.Кольевамен бірлесіп информатикаға арналған 3 оқулық пен 3 оқыту-әдістемелік кешенді жинақ шығардық. Олар қазіргі таңда ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен мектептерде қолданылып келеді. Өткен жылдың соңында біздің университет мемлекеттік аттестациялаудан сүрінбей өтті. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық аккредитациялау орталығының ұсынысы бойынша білім беру бағдарламаларының рейтингісіне сәйкес М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ҚР Үздік жоғары оқу орны деп танылды. Біздің білім ошағы мен Шығыс Финляндия университеті арасындағы ғылыми-білім беру негізінде ынтымақтастық орнаған. Оқу орнының ақпарат технологиясы мамандығын өте жақсы бітірген студенттері жыл сайын Финляндиядағы магистратурада шәкірт-ақы ала отырып, тегін оқуға мүмкіндік алып жүр. Осындай ынтымақтастық бұдан әрі де жалғасын таппақ. Нәтижесінде екі елдің студенттері, магистранттары, оқытушыларымен алмасуға, сондай-ақ халықаралық жобаларға қатысуға, магистранттарға арналған шетелдік тағылымдамалардан өтуге жағдай жасалады. Сонымен қатар біз мектеп, лицей, колледждердің оқышылары және оқытушыларына арнап “ашық есік” күндерін, түрлі байқаулар жариялап отырамыз. Олардың шарттары туралы толығырақ мектептерден немесе біздің кафедраның сайтынан оқып, танысуға болады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан  
Ләйла ЖАНЫСОВА,  
“Солтүстік Қазақстан”.